

**Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы
(2005 жылғы 1 тамыздағы)**

2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 75 филиалы мен 75 өкілдігі бар.

10 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, олардың 3 қоры зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» ЖЗҚ АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ және «БТА Құрмет-Қазақстан ЖЗҚ» АҚ-ы.

Есепті күнде 9 екінші деңгейдегі банк және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кастодиандық қызметті жүзеге асыруда. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк ЖЗҚ-на кастодиандық қызмет көрсетеді: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «ЦентрКредитБанкі» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, «АСҚ Банкі» АҚ, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны шілде айында 69 320-ға ұлғайып, ағымдағы жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 7 239 818 болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп саны 5 қорларда болды: “МЖЗҚ” – 31,35%, “Қазақстан Халық Банкі” – 19,03%, “ҰларҮміт” – 14,53%, “Валют-Транзит-қор”- 8,44% және “БТА Құрмет-Қазақстан” – 7,90% немесе олардың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 81,25% келеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны осы ағымдағы жылдың шілде айында 124 (0,4%-ке) ұлғайып, 2005 жылғы 1 тамызда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 0,43 млрд. теңгені құрап 31 357 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары “МЖЗҚ” ЖЗҚ АҚ-нан басқасының бәрінде болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: “Сенім” – 62,87%, “ҰларҮміт”- 19,25% және “Капитал” – 10,80% немесе осы үш қордың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 92,92% болды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары “ҰларҮміт” және “Қазақстан халық банкі” қорларында болды. Салымшылардың жалпы саны – 3 185, салымшысының дербес зейнетақы шотында 11,5 млн.теңге болды. Ағымдағы жылдың шілде айында ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 36 (1,1%-ке) ұлғайды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.08.04ж.	01.08.05ж.	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	6 576 636	7 239 818	663 182	10,08
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	29 362	31 357	1 995	6,79
ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	1 099	3 185	2 086	в 2,9 раза

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты ағымдағы жылдың шілде айында 12 513 млн.теңгеге (2,25%-ке) көбейіп, 2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 568 981 млн. теңге болды. Жинақталған зейнетақы қаражаты өсімінің қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңдерімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталды:


(млн.теңгемен)

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	Өсім	Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны (%-пен)
01.08.02 ж.	229 462	79 545	53,06
01.08.03 ж.	321 259	91 797	40,01
01.08.04 ж.	425 247	103 988	32,37
01.08.05 ж.	568 981	143 734	33,80

Көрсетілген кестеде бұрын жинақталған зейнетақы қаражатының абсолютті өсімі кезінде олардың өсу қарқынының жыл сайынғы төмендеуі байқалды. Бірақ 2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 2004 жылғы 1 тамызбен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны 1,43 проценттік тармаққа ұлғайып 33,88% болды.

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылар) ие: "Қазақстан Халық банкі" – 144 935 млн. теңге немесе 25,47%, "МЖЗК" – 117 106 млн. теңге немесе 20,58%, "ҰларҮміт" – 102 450 млн. теңге немесе 18,01%, "БТА Құрмет-Қазақстан" – 41 156 млн.теңге немесе 7,23% және "АБН АМРО КаспийМұнайГаз" – 41 045 млн. теңге немесе жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 7,21%. Жалпы алғанда, осы 5 қорға жинақталған зейнетақының жалпы сомасының 78,50% келді.

2005 жылдың 1 тамызына жинақталған зейнетақы қаражатының құрылымы



Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен, салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген **таза инвестициялық кіріс** сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) ағымдағы жылдың шілде айында 2 391 млн. теңгеге (1,79%-ке) өсіп, 2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 135 939 млн.теңге болды.

Таза инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:


(млн. теңгемен)				
Күні	Таза инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)	Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-пен)
01.08.2002 ж.	64 519	22 405	53,20	28,12
01.08.2003 ж.	86 727	22 208	34,42	27,00
01.08.2004 ж.	102 321	15 594	17,98	24,06
01.08.2005 ж.	135 939	33 618	32,86	23,89

Көрсетілген кестеде инвестициялық кірістің көлемінің ұлғаюы және өсу қарқыны байқалады. Бірақ, 2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша таза инвестициялық кірістің өсім қарқыны 2004 жылдың 1 тамызбен салыстырғанда 14,88 проценттік тармаққа ұлғайып 32,86% болды.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы таза инвестициялық кірістің үлесі 2004 жылғы 1 тамыздағы 24,06% кезде 2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 23,89% болды немесе 0,17% проценттік тармаққа төмендеді. Ағымдағы жылдың шілде айында үлес 0,10 проценттік тармаққа өсті.

Ағымдағы жылдың шілде айында жалпы **зейнетақы жарналарының** түсуі 10 788 млн. теңгеге өсіп, 2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 448 874 млн. теңге немесе өсім 2,46% болды.

Зейнетақы жарналарының, инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд.теңгемен)



2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты ұсталатын **өсімпұл сомасы** 3 188 млн. теңге болды. Ағымдағы жылдың шілде айында салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шотына 67 млн.теңге өсімпұл аударылды немесе өсім 2,15% болды.

Зейнетақы төлемдері ағымдағы жылдың шілде айында 771 млн.теңгеге (2,47%) өсіп, 2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 31 957 млн. теңге болды.

Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз **жинақталған зейнетақы қаражатын** бір қордан екінші қорға **аудару** құқығын пайдаланды, нәтижесінде 2005 жылғы 1 тамызда жинақталған зейнетақы қаражаты 87 278 млн. теңге болды. Ағымдағы жылдың шілде айында жинақталған зейнетақы қаражатын аудару 1 447 млн.теңгені құрады.


Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың мейлінше көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 53,42%, «ҰларҮміт» - 12,14% және «Қазақстан Халық Банкі» - 9,70% және «БТА Құрмет-Қазақстан» - 6,13% немесе осы төрт қордың аударымдардың жалпы сомасының 81,39% келеді.

Мынаны ескеру қажет, мынадай қорлардың жинақталған зейнетақы қаражаты бір проценттен төмен болды: "Капитал" – 0,50%, "Д.А. Қонаев атындағы" – 0,57%, "Отан" – 0,76% және "Қазақмыс" – 0,87%.

Жинақталған зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемі 569 775 млн. теңгені құрап, 2005 жылдың шілде айында 12 206 млн. теңгеге ұлғайды немесе 2,19%-ке өсті.

2004 жылғы 1 тамыздан бастап 2005 жылғы 1 тамыз аралығында зейнетақы активтерінің айлық орташа өсуі 12,9 млрд. теңге болды.



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ	Зейнетақы активтер	
	ЖЗҚ	млн. тенгемен %-пен
"ABN AMRO Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	49 022	8,60
"АБН АМРО - КаспийМұнайГаз" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	41 093	7,21
"Капитал" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	7 929	1,39

"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	49 564	8,70
"Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	1 810	0,32
"Мұнайгаз - ДЕМ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	14 690	2,58
"СЕНІМ" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	24 482	4,30
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	8 582	1,50
"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	10 661	1,87
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	10 661	1,87
"Актив-Инвест" ЗАИБЖАҰ" АҚ	26 439	4,64
"Валют-Транзит Қор" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	26 439	4,64
"АЛЬФА-ТРАСТ" ЗАИБЖАҰ" АҚ	14 623	2,57
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	14 623	2,57
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	102 596	18,01
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	102 596	18,01
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ	13 250	2,33
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	23 250	2,33
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	117 276	20,58
"БТА Құрмет-Қазақстан" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	41 207	7,23
АО "Қазақстан Халық банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ"	145 137	25,47
"		
Зейнетақы активтерінің ЖИЫНТЫҒЫ	569 775	100,00

2005 жылғы 1 тамызда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 561 059 млн. теңгені құрады да, 2005 жылғы шілде айында 9 890 млн. теңгеге немесе 1,79 өсті.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	млн. теңгемен	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	214 903	38,31
ҚР еврооблигациялары	2 134	0,38
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	147 702	26,33
Ұлттық Банктің ноттары	64 892	11,57

Жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	175	0,03
Екінші деңгейдегі банктердің салымдары	88 719	15,81
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	3 638	0,65
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	26 848	4,79
Тазартылған алтын	58	0,01
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	215 077	38,33
акциялар	38 626	6,88
облигациялар, оның ішінде	176 451	31,45
АҚШ долларына номинирленген	8 418	1,50
теңгеге номинирленген	168 033	29,95
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	11 676	2,08
акциялар	6 276	1,12
облигациялар	5 400	0,96
Инвестициялық қорларының шетел пайлары	140	0,02
Жиынтығы:	561 059	100,00

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі ЖЗҚ-ның инвестициялық портфельдерінде елеулі бөлігін алып отыр және 214 903 млн. теңгені құрады немесе 38,3% болды. 2005 жылғы 1 шілдемен салыстырғанда МБҚ көлемі 16 434 млн. теңгеге немесе 7,1%-ке азайды. 2005 жылы шілде айында Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемі 8 542 млн. теңгеге немесе 3,97%-ке көбейді. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі есепті кезең ішінде 11 336 млн.теңгеге немесе 14,65%-ке өсіп, 88 719 млн. теңге болды.

Зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымдарын екінші деңгейдегі банктерге тек ұлттық валютада салатынын атап өткен жөн.

2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфельіндегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесіне 0,65% келіп отыр. ЖЗҚ-ның жиынтық портфельіндегі шетелдік эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 2005 жылы шілде айында 24,68%-ке көбейіп, 26 848 млн. теңге болды. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 2,08% болды. Есепті кезеңде зейнетақы активтері есебінен 58 млн.теңге немесе 0,01% сомасына тазартылған алтын сатып алынды.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2002 жылғы шілдедегі – 2005 жылғы шілдедегі кезеңде қорлардың зейнетақы активтері бойынша 2005 жылғы 1 тамызда номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті 21,66% болды.

ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мағыналары туралы ақпарат www.afn.kz. Web-сайтында орналастырылған.

Қорлардың қаржы жағдайы

Қорлардың **жиынтық меншік капиталы** 2005 жылы 1 тамыздағы жағдай бойынша 10 806,7 млн. теңге болып, оның ішінде жиынтықты төленген жарғылық капитал 6 198,9 млн. теңге немесе меншікті капиталы көлемінің 57,4% болды. Есепті айда меншікті капиталы 353,0 млн.теңгеге немесе 3,4% өсті.

2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша қорлар резервтік капиталды жалпы сомада 1 439,2 млн. теңге немесе қорлардың меншікті капиталы көлемінің 13,3% болды.

Ағымдағы жылдың қаңтар-шілде айларында барлық қорлар, “Д.А. Қонаев атындағы” және “Капитал” қорларын қоспағанда, жалпы сомасы 2 658,1 млн. теңге болатын кіріс алды. Кірістің ең көп сомасын “Қазақстан Халық Банкі”- 44,2%, “МЗЖҚ” - 19,8%, “Ұлар Үміт” - 11,3%, “Құрмет-Қазақстан БТА” - 8,9% және қорлары алды немесе осы төрт қор қорлардың жалпы кірісінің 84,2% болды.

2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша меншікті активтері есебінен **қорлардың қаржы инвестициялары** 8 319,1 млн. теңгені немесе меншікті капиталы көлемінің 77,0% болды. Ағымдағы жылдың шілде айында қаржы инвестицияларының көлемі 490,9 млн.теңгеге немесе 6,3% өсті.

Қорлар меншікті активтерін мемлекеттік бағалы қағаздарына жалпы сомасы 3 056,5 млн.теңгеге (инвестициялардың жалпы көлемінің 36,7%), мемлекеттік емес бағалы қағаздарына жалпы сомасы 2 918,6 млн.теңгеге (инвестициялардың жалпы көлемінің 35,1%), инвестициялады және екінші деңгейдегі банктердің салымдарына 2 344,0 млн. теңге немесе инвестициялардың жалпы көлемінің 28,2%-ін орналастырды.